

Г.Е. Абикенова ¹, А.Т. Қамза ^{*2}

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ т.ғ.к., доценті, Алматы, Қазақстан

E-mail: agulzhazira@mail.ru

² Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ -нің 3 курс докторанты, Алматы қаласы, Қазақстан

E-mail: Talgatqyzy@inbox.ru

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ МӘДЕНИЕТ: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАНДАР ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ (1945-1953 жж.)

Аңдатпа

Мақалада 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басындағы Қазақстандағы ғылыми және шығармашылық зиялы қауымға қатысты саяси қуғын-сүргін тарихы қарастырылады. Архивтік деректер кешенінде шоғырланған материалдарды саралай отырып, Қазақстандағы соғыстан кейін орын алған әкімшіл-әміршіл жүйенің мәдениет пен өнерге, әдебиетке, театр мен киноға қатысты жүргізген шаралары негізделіп отыр. Кеңес өкіметі өзінің үгіт-насихат жұмыстары арқылы әлі де болса алып елдегі билікті сақтап қалуға тырысты. Алайда адам құқықтары мен бостандықтарына қол сұға отырып, әрбір жеке тұлғаға, оның ерік-жігеріне, жеке мүдделеріне, «заман талабына» нақты жауаптар табу ұмтылысына жіті бақылау жасап отырғаны аталып өтіледі.

Мәдени қызметтің барлық түрлерін қадағалау үшін мемлекеттік бақылау комитеттері құрыла отырып, әр бір шығармашылық жұмыстарды арнайы сараптаудан өткізуі баяндалады. Барлық одақтық, республикалық және партиялық органдарының ресми құжаттарында, ақпараттық және аналитикалық материалдарында, бұйрықтары мен жарғыларында бұл мәселер анық көрініс береді. Соған орай мақалада аталған кезеңдегі мәдениет пен өнер саласына арнайы бақылаудың күшейтіліп, барлық шығармашылық тундылардың тек партиялық принцип тұрғысынан орындалғандығы қарастырылады.

Кілт сөздер: «Кейінгі Сталинизм», цензура, мәдениет, шығармашылық интеллигенция, өнер, идеология, партия.

Абикенова Г.Е. ¹, Қамза А.Т. ^{*2}

¹к.и.н., доцент КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Қазақстан

E-mail: agulzhazira@mail.ru

²КазНУ им. Аль-Фараби, Докторант 3 курса, Алматы, Қазақстан

E-mail: Talgatqyzy@inbox.ru

ПОСЛЕВОЕННАЯ КУЛЬТУРА: ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ КАМПАНИИ И ИХ ПОСЛЕДСТВИЯ (1945-1953 гг.)

Аннотация

В статье рассматривается история политических репрессий против научной и творческой интеллигенции в Казахстане в конце 1940-х — начале 1950-х годов. На основе анализа материалов, собранных в комплексе архивных данных, обосновываются меры, принятые административно-авторитарной системой в Казахстане после войны в отношении культуры и искусства, литературы, театра и кино. Советское правительство посредством

пропагандистских усилий все еще пыталось сохранить власть в огромной стране. Однако отмечается, что, посягая на права и свободы человека, он пристально следит за каждым человеком, его волей, личными интересами, стремлением найти конкретные ответы на «требования времени».

Докладывается о проведении специальной экспертизы каждой творческой работы с созданием комитетов Государственного контроля для надзора за всеми видами культурной деятельности. Эти вопросы нашли четкое отражение в официальных документах, информационно-аналитических материалах, приказах и уставах всех союзных, республиканских и партийных органов. В связи с этим в статье рассматривается тот факт, что в этот период был усилен особый контроль над сферой культуры и искусства, а вся творческая деятельность осуществлялась исключительно с точки зрения партийных принципов.

Ключевые слова: «Поздний Сталинизм», цензура, культура, творческая интеллигенция, искусство, идеология, партия.

Abikenova G.E. ¹, Kamza A. T. ^{*2}

¹*Candidate of historical Sciences, Associate Professor of KazNU named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, E-mail: agulzhazira@mail.ru*

²*Al-Farabi Kazakh National University, 3rd year doctoral student
E-mail: Talgatqyzy@inbox.ru*

POST-WAR CULTURE: IDEOLOGICAL CAMPAIGNS AND THEIR CONSEQUENCES (1945-1953)

Abstract

The article examines the history of political repression against the scientific and creative intelligentsia in Kazakhstan in the late 1940s and early 1950s. Based on the analysis of materials collected in a complex of archival data, the measures taken by the administrative and authoritarian system in Kazakhstan after the war in relation to culture and art, literature, theater and cinema are substantiated. The Soviet government was still trying to maintain power in the vast country through propaganda efforts. However, it is noted that, encroaching on human rights and freedoms, he closely monitors each person, his will, personal interests, and the desire to find concrete answers to the "demands of the time."

It reports on the conduct of a special examination of each creative work with the establishment of State control committees to oversee all types of cultural activities. These issues are clearly reflected in official documents, information and analytical materials, orders and charters of all union, republican and party bodies. In this regard, the article considers the fact that during this period special control over the sphere of culture and art was strengthened, and all creative activity was carried out exclusively from the point of view of party principles.

Keywords: "Late Stalinism", censorship, culture, creative intelligentsia, art, ideology, party.

Кіріспе. Екінші дүниежүзілік соғыста жеңуші елдер тобына қосылған Кеңес өкіметі өзінің құрамында отырған одақтас республикаларды бір орталықтан бағындыра отырып, әкімшіл-әмір-шіл саясат идеологиясын насихаттауын тоқтатқан жоқ. Бұл процесс бүгінгі тарихнамада «кейінгі сталинизм» терминімен еніп отыр. Сталинизмнің кейінгі кезеңдерінде Қазақстан мәдениеті айтар-лықтай өзгерістерге ұшырап, Кеңес өкіметінің бақылауында болды. Коммунизмнің үгіт насихат құралы ретінде өнер мен мәдениет салалары өзінің қызметін идеологиялық принциптерге негіздей отырып атқарды.

1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында басталған сталиндік қуғын-сүргіннің екінші толқыны Қазақстандағы ғылыми және шығармашылық саладағы қызмет атқарып жүрген зиялы қауымға бағытталған қудалау әрекеттерден байқалды. Осы тұстағы жалпы қоғамды ырықтандырудың нәтижесінде қазақ шығармашылық зиялыларының арасында екі

саяси көзқарас қалыптасты. Зиялы қауымның бір бөлігі сталиндік мәдени идеологияны насихаттауға бет бұрса, ал екінші тобы мәдениет саласындағы саясатты аз болса елдің мүддесіне бұруға әрекет жасады. Зиялылардың қоғамды ұлттық негізде қалыптастырудағы іс-әрекеттері өз деңгейінде жүргізілмесе де, олардың шығармалары мен еңбектері аз да болса халық санасына жол тартып жатты [1].

Жалпы мәдениет, өнер, әдебиеттану, гуманитарлық ғылымдар саласындағы қызметпен айналысқан, жұмысының басты саласы мәдени шығармашылықпен байланысқан интеллигенцияны шығармашылық интеллигенция деп деп түсінеміз. Ал өнер, музыка жанрлары көркемөнер сала-сындағы зиялы қауымның қызығушылық саласына жататыны белгілі.

Осы халық санасына тікелей жол тартатын әдебиет мен өнер, театр мен кино салалары тікелей үкімет бақылауына алынды. Яғни, кеңес өкіметінің үгіт-насихаттық идеологиялық элементтерін енгізуге бағытталған мәдениетті сталинизациялау процесі жүргізілді. Олар қоғамның барлық саласын қатаң бақылауда ұстай отырып, ерекше мәселелер бойынша қабылданған партиялық шешімдердің барлығын міндетті отырды. Барлық өнер туындылары коммунистік партия тарапынан ұсынылған қағидалар шеңберінен шыға алмады. Осындай науқандарды билік бірнеше мақсаттарды көздей отырып ұйымдастырған еді.

Біріншіден, партия мен классицизмнің яғни, социалистік реализм әдісінің принциптері қатаң сақталды. Бірақ зиялы қауым соғысқа дейінгі жылдарда өмір сүрген «өнер – халықтікі» ұранының жойылмағанын еске салды. Зиялы қауымның – негізгі мақсаты «халыққа қызмет ету» еді. Алайда мәдениет қайраткерлеріне қойылған басты талап – кеңес адамдарына түсінікті туындылар ұсыну немесе партиялық принциптерге негізделген туындылар жазуы қажет болды. Яғни, үкімет өз саясатында кеңес қоғамының үгіт-насихат жұмыстарын шығармашылық зиялы қауымының еңбектері арқылы халыққа жеткізуді мақсат етті.

Екіншіден, партиялық органдар соғыстан кейінгі орындалмаған үміт пен орындалмаған армандары үшін айтылатын сыннан аулақ болуға тырысты. Яғни олар халықтың билікке дауыс-тап сөйлеу мүмкіндігін айыруды қамтамасыз ете отырып, адамдар арасындағы жағымсыз пікірлерін білдіруіне, ойларын ашық айтуына шектеу қоюға әрекет жасады.

Үшіншіден, сол кезеңдегі қарапайым кеңес адамы өзінің пікірін жоғарғы биліктің шешім қабылдау процесінде айта алады, үлкен саясатқа «араласады» деген жалған түсінікті шығармашылық зиялы қауымның еңбектері арқылы көрсетуге тырысты [2].

Сталиннің тұлғасы барлық осы жаңаша өңдеулердің астарында анық көрініп тұрды. Ол барлық саланы, оның ішінде кеңестік мәдениетінің барлық бағытына өзінің билігін орталықтандыра отырып, оны мемлекет идеологиясының мақсаттарына пайдалануды көздеді.

Өзектілігі. Қазақстан халықтарының мәдениеті де, этностардың өнері мен салт-дәстүрлері де сынақтан өтіп, кеңестік мәдениеттің ықпалына ұшырады. Олар кеңестік стандартқа қайта бағындырылды. Сонымен бірге, көптеген шектеулер орын алды. Олардың қатарында, ұлттық тілдерді қолдану және кеңестік идеологияға қайшы келетін мәдени көріністерді тарату мәселелері тұрды. Осы тұста шығармаларында үлкен мағыналық тереңдігі бар және Қазақстанның мәдени сахнасының дамуына үлес қосқан жазушылар, суретшілер мен музыканттардың да жаңа буын қалыптасқан еді. Олар жаңа идеялар мен заманауи өнер стильдерін қалыптастыра отырып, ұлттық мәдениеттің дәстүрлерін жалғастыруға тырысты [3].

Десек те, соғыстан кейін қайта жалғасын тапқан қудалау шаралары шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің ұлтшылдық сезімін білдіруге толық тұсау салып, кеңестік идеологияға негізделген шығармаларды өмірге алып келуіне негіз қалады. Кеңес өкіметінің идеологиялық принциптеріне сәйкес бақылауға алына отырып, соған сай белгілі нормалар мен стандарттарына бағынуына тура келді. Алайда сол кезеңдегі шектеулер мен қысымдарға қарамастан кейбір өнер қайраткерлері мен жазушылар қоғамдық құбылыстарға сыни көзқарасын білдірудің жолдарын табуға тырысып бақты. Шығармаларын халық мүддесі мен салт-санасына негіздеп жазғандар да болды. Бірақ бәрі де кеңесік қысымға түсті. Орыс тілінде сөйлей білу, жазу және сабақ беру кеңестік идеологияның бір бөлігі болу үшін қажетті шарт

пен талап еді. Бұл саясатқа қарсы тұруға ұмтылған қазақ шығармашылық зиялы қауымының өкілдерінің іс-әрекеттері жіті бақылауға алынып, әр түрлі негізде басып-жанышталды [4].

Мақсаты. 1946-1953 жылдар, яғни «кейінгі Сталинизм» тұсындағы мәдениет пен өнер саласының кеңестік бақылауға алыну процестерін архив құжаттары негізінде талдау. 1930 жылдардың ортасында орын алған әкімшіл-әміршіл жүйе жаппай қазақ зиялыларының едәуір бөлігін жойып үлгергені белгілі. Бұндай тазартулар Одақ ішіндегі өзіне қарсылас болатын топтардың көздерін жою үшін Сталиннің ішкі қарама-қайшылықтар туралы ойларынан туындаған еді. Қазақстанның барлық мәдениет пен ғылым саласындағы интеллигенция өкілерінен бастап, қарапайым жұмысшыларға дейін бұл қудалау шараларының құрбанына айналып жатты. Олардың алды ату жазасына, соңғылары түзеу лагерлеріне жіберілгені белгілі. Алайда, қазақ зиялылары осындай қысымшылық жағдайларға қарамастан, Қазақстанның бірегей мәдени, тілдік және тарихи болмысын сақтау және арттыру әрекеттерінде қашанда шешуші рөл атқарды. Сталиннен кейінгі Қазақстанның мәдени және интеллектуалдық өмірінде тазартулардан аман қалғандары қазақ мүддесі үшін қызымет жасауға тырысты. Олар турасындағы негізгі құжаттар тобы - КСРО Министрлер Кеңесінің Қазақ КСР министрліктерін қайта құру туралы қаулылары мен өкімдері мен ережелеріндегі құжаттарда кездеседі [5].

Кеңестік кездегі кез-келген шығарманың идеологиялық жағынан зиянды деп танылуына сол кезеңдегі бақылау қызметінің нақты заңды негіздерінің болмауы, төрешілдік ортада билік жүргізген партияның үстемдік етуінің салдары әсер етті. Баспа саласы мен басқа да шығармашылық жұмыстар санаты көп болды. Соған сай оларды қадағалау және бақылаудың әдістері ерекше болды және олар бір-бірінен ерекшеленіп отырылды. Тарихи жағынан кеңестік нұсқада қалыптасқан, мағынасы жағынан өте жақын және белгілі бір дәрежеде мемлекеттік мәдени - саясатты жүзеге асыратын, қоғамдағы саяси жүйенің бір бөлігі болып табылатын идеологиялық билік жүйесі «саяси цензура» термині екенін көрсетті. Бұл идеологиялық қадағалау мәселесінде қарастырылған архив құжаттарында нақты белгіленген, қоғамды қалыптастыруға әсер ететін мәдениеттің салалары: театр, кино, музыка саласында жүргізілгенін байқауға болады.

Республикада болып жатқан саяси, әлеуметтік және мәдени процестердің табиғатын тереңірек түсінуге, ұлттардың этно-саяси ұмтылыстарын негіздеуде сол тұстағы қазақ шығармашылық зиялылары мен үкімет арасындағы қарым-қатынас мәселесін қарастыру аса маңызды болып табылады. Ол бірнеше кезеңнен өткенін ескеру керек. Мәселен, бірінші соғыстан кейінгі тұста орталық органдардың бастамасымен жүзеге асырылатын шаралар негізінде қазақ шығармашылық зиялылар тобы күшті идеологиялық қысымға түсуімен сипатталады. Аталған тұста барлық халық-ты ұжымдық еңбекке шақыра отырып, Одақтың соғыстан аса зардап шеккен аумақтарына көмек қолын ұсынуды ұйымдастыру, халықтың жігерін қайта көтеру ісі жүзеге асырылғаны белгілі. Алайда үкіметтің алдына қойған мақсаты интернационалды мемлекет үлгісін негіздеп көрсетуге тырысу ғана болды. Сонымен қатар одақ ішіндегі қарсыластарын іздеуді жалғастыра отырып, қоғамдық дамуға үлес қосушы шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің жұмыстарын қайта бақылауға алуын тоқтатпады. Бұл зиялы қауымды билікте қатаң тәуелділікте ұстауға тырысқан Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы болды. Олар Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі қаулыларының орындалуын жіті назарда ұстады. Ал И.Сталиннің өлімімен байланыстыратын бұдан кейінгі 1953-1956 жылдар қайта жаңғырған қудалау шараларының аяқталу кезеңі болып табылады. Ал 1956-1960 жылдар одақ билігіне Н.С. Хрущевтың келуімен «Хрущевтің жылымығы» аталып, цензураның жұмсартылуымен және мәдени және интеллектуалды өмірдің салыстырмалы түрде аз да болса қудаланудан босау кезеңі болды. Бұл кезең қазақ зиялыларының еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік берді, дегенмен әлі де кеңестік шектеулер сақталғанын ескеруіміз керек [6].

Материалдар мен әдістер. 1946-1953 жылдарға қатысты деректік құжаттар тобы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасының Президенттік архивінің қорларында көптеп сақталған. Одақтың, республиканың кеңестік және партиялық органдарының ресми құжаттары, ақпараттық және аналитикалық

материалдары мен бұйрықтары негізі мәселеге қатысты деректер кешенін құрайды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Перзиденті архивінің (ҚРПА) № 708 қоры – Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті (Қазақстан КПОК); № 141 қоры – Бүкілресейлік коммунистер (большевиктер) партиясының Қазақ Өлкелік Комитеті (Қазөлком БК(б)П) қорында; сонымен бірге Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА), № 1679 қоры – Қазақ КСР Кинематография Министрлігі (1946-1953 жж.); № 1778 қоры – Кеңестік Жазушылар Одағынан табуға болады. Ал, арнайы мекеме-лердің қорлары (ҚР ОМА) екінші топты құрайды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет пен баспа ісін басқарудың Жоғарғы басқармасы (ҚазКСРГлавлиті) -№1740 қор, 1932 жылдың 5 маусымынан – 1953 жылдың 14 наурызына дейін; Қазақ Мемлекеттік әдебиет баспасы –№1383 қор; Алматы қаласының Қазақстандық баспасы – № 929 қор; Қазақ КСР Мәдениет Министрлігі А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік республикалық кітапхана – №1781 қор; ҚазКСРХКК жанындағы баспа ісі мен баспа басқармасы (1938-1966) – №1783 қор; №1736 қор – Кеңестік композиторлар Одағы, №1678 қор – Кеңестік суретшілер Одағы, №1841 қор – Абай атындағы академиялық опера және балет театры қорлары болып табылады. Бұлар осы мәселені зерттеуге негізгі дерек көзі мен негізгі бағыттаушы материалдар тобын жинақтайды.

Мақаланы жазуда негізінен ғылыми-тарихи, тарихи салыстырмалы, жүйелілік, объективтілік әдістер қолданылды. «Кейінгі Сталинизм» тұсындағы мәдениетпен өнер салаларындағы өзгерістерді хронологиялық шеңберде салыстыру арқылы анықтауға мүмкіндік беретін салыстыр-малы тарихи әдіс те негізге алынды. Ұсынылған материалды зерделеуге және маңызды ақпарат-тық құрамды анықтауға сыни көзқарас бойынша Архив құжаттарымен жұмыс істеу кезінде дереккөздерді жүйелеу және жіктеу принципі, қолданылды.

Негізгі бөлім: 1946-1953 жылдар аралығында «Кейінгі сталинизм» кезеңі ретінде негізделіп отырған тұста Кеңес Одағындағы барлық мәдениет саласы мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алғаны аталды. Дегенмен, бұл кезде әдебиет, ғылым, өнер, театр және кино, сурет және сәулет өнері салаларында біршама жаңа өзгерістер болғанын да жоққа шығармау керек. Шығармашы-лық зиялы қауымның тарапынан ұсынылған тың тақырыптары мен зерттеулерін тікелей бақылауда ұстауды жоғары оқу орындары мен Ғылым академиясының партиялық ұйымдары жүзеге асырып отырды. Мәселен, 1948 жылы сәуірде Қазақ КСР Ғылым академиясының партия комитеті құрылса, 1951 жылы мамырда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде ғылым және жоғары оқу орындары бөлімі құрылды. 1946-1953 жылдар аралығында Орталық Комитеттің Бюросы Қазақстан Ғылым академиясының негізгі қызыметі мен ондағы шығармашылық туынды-ларын жыл сайын дерлік 2-3 рет тексерісен өткізіп, жұмыстарымен танысып отырды. Олардың көпшілігі таза саяси сипатта жазылуы тиіс болды. Ғылымды идеологиялану тұрғысынан негізделуі де естен шығарылмады. Мәселен, 1940-1950 жылдардағы Қазақстан Компартиясының съездерінде Орталық Комитеттің есептері бойынша қаулыларда ғылыми зерттеулердің барлық өзекті бағыттары бойынша арнайы бағыттағы нұсқаулар берілді [7].

Сол жылдардағы бүкіл идеологиялық жұмысқа ғылыми және өнер зиялыларының жекелеген өкілдерінің шығармашылығына негізсіз асығыс және қатал бағалар кері әсерін тигізді. Барлық баспасөз беттері мен партияның қаулыларында «өрскел саяси қателіктер», «ленинизмге дұшпан-дық идеологияның қалдықтары» бар шығармалар бірден сынға алынып, негізсіз айыптаулар болды. Әсіресе, ұлттық аймақтардағы қуғын-сүргін әдістерінің бірі – ұлтшылдық, ұлттық және ұлтаралық қатынастар үшін айыптау мәселесі бойынша іске асырылды. Бұның салдары мәдениет саласындағы деформацияларға әкелді.

Мәселен, «Правда» газетінің редакциялық мақаласында Қазақ КСР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкерлері және тағы басқа да институттар жұмысы бойынша Ермұхан Бекмахановқа, Бегежан Сүлейменовке, Қаныш Сәтбаев-қа, Мұхтар Әуезовке, Есмағамбет Ысмайыловқа, Қажым Жұмалиевке, Әуелбек Қоңыратбаевқа және т.б. қызметкерлерінің әрекеттері «әшкереленді» деп баға берілді. Кеңес Жазушылар Одағының 1946-1953 жылдар аралығындағы жоспарларында партия мен

мемлекеттің ресми идеологиясын қабылдау бағытында жазушылардың қызметін бақылау және бағыттау үшін қызмет жасағанын байқауға болады.

Тарихымызда белгілі болғандай КСРО-да өз кезегінде Батысқа қарсы белсенді насихат жүргізілді. Буржуазиялық мәдениет пен өмір салты алдында тап күресі, Батысқа еліктеу, кеңестік идеологияға бас шұлғу әрекеттерімен байланысты күресу науқаны басталды. 1946 жылы тамызда «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы» БКП(б) ОК қаулысы шықты. Бұл қаулы аталған журналдарда жіберілген өрескел саяси қателіктерді қатты сынға алды. Бұл кеңестік мәдениет пен ғылым қайраткерлеріне қарсы жүргізілген ұзақ «істердің» бастамасы болды. Олардың мақсаты зиялы қауымды шығармашылық тәуелсіздіктен айыру, оған бөлінбейтін партиялық бақылауды қайтару болды. Қазақ Кеңестік әдебиетінің негізгі міндеті барлық кеңестік әдебиеттің шеңберінен шықпай отырып, тың идеологиялық бағыттағы шығармаларды өмірге әкелу айқын тұжырымдалды. Мәселен кезекті бір қаулыда: «кеңес әдебиетінің, яғни әлемдегі ең озық әдебиеттің күші - бұл халықтың, мемлекеттің мүдделерінен басқа мүдделері жоқ және бола алмайтын әдебиет. Кеңес әдебиетінің міндеті - мемлекетке жастарды дұрыс тәрбиелеуге, оның сұрауларына жауап беруге, өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, барлық кедергілерді жеңуге дайын жаңа ұрпақты тәрбиелеуге көмектесу. Сондықтан, сенімсіздік, саясатсыздық, «өнерге арналған өнер» туралы кез-келген уағыз кеңес әдебиетіне жат, кеңес халқы мен мемлекетінің мүдделеріне зиянды және біздің одақтарымызда болмауы керек», - деп нақты аталып өтілді[8].

Қазақстанның Кеңес жазушылар одағы (ҚКЖО) осы ірі ұйымның филиалы болды. Мәселен, Қазақстан Одағындағы Жазушылар Бүкілодақтық кеңес жазушыларының қағидаттарын Қазақ-стан Кеңес жазушылар одағының бұйрықтарының негізінде ұстанды, социалистік реализмді насихаттады және Кеңес Одағы мен оның қағидаттарын позитивті түрде бейнелейтін шығармалар жазады деп күтілген.

Кеңес Жазушылар Одағының белгілі бір аймақтық филиалдары туралы ақпарат шектеулі, өйткені олар Кеңес Одағының кең шеңберінде жұмыс істеді. Сонымен қатар, Қазақстанның Кеңес жазушылар Одағы, Одақтың басқа да жергілікті филиалдары сияқты, идеологиялық қысымның, цензураның және тіпті тазартудың үлесіне тап болғанын атап өткен жөн. Жалпы айтқанда Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов және Ғабит Мүсірепов сияқты авторлар кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетіндегі маңызды тұлғалар болды, сонымен қатар, Н.Байганин., Х.Бекхожин., Д.Еркембекова, А.Аймағамбетов, Б.Саурбек, Т.Молдахмет, А.Абишев және т.б. Кеңес жазушылар одағының мүшелері бола отырып, олар Қазақстанның мәдени және әдеби дамуына айтарлықтай ықпал етті [9]. Алайда, Қазақстан Кеңес Жазушылар одағы басқармасының 5-ші пленумының қаулыларында, республиканың бірқатар жазушыларының еңбектерінде, Қазақ КСР тарихы мен қазақ әдебиетінің тарихын көрсетудегі ұлтшылдық сипаттағы ірі қателіктер мен өрескел идеологиялық бұрмалаулар, буржуазиялық ұлтшылдық бұрмалау фактілері кездеседі делінген. Мәселен, бұл пленумда Сұлтан Кенесары Қасымов туралы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Х. Бекхожин және тағы басқалары өз-дерінің әдеби және көркем шығармаларында реакциялық-монархиялық және феодалдық-ұлтшылдық қозғалысын ашық түрде қозғап, ой салғаны үшін және жазушы Ә. Тәжібаевты «Біз де қазақпыз» кітабында патшалар мен хандарды мадақтағаны үшін сынға ұшырады. Сонымен қатар, жазушы С.Мұқановтың партиялық сыннан өзіне тиісті қорытынды жасамағанын, өз шығарма-шылығындағы қателері мен бұрмалауларын түзетпегендігі атап өтіледі [10]. Бұл процесс тікелей партия тарапынан жасалып отырған қысымның айғағы еді.

Сонымен қатар пленум есептерінде «көптеген қазақ жазушылары мен драматургтері қазіргі кеңестік тақырыптардан қашқақтап, тарихи мұрағаттар мен сонау өткен дәуірдің эпикалық шығармаларына үніледі, олардан пьеса құрастыру тынымсыз жүргізілуде» деп сыналып, олар тікелей партияның назарына ілікті. Мәселен Қ.Жұмалиевтің «Едіге» пьесасы немесе Ә.Тәжібаевтың «Біз қазақпыз» пьесасының қазақ совет әдебиеті шығармашылығында пайда болуы лайықсыз деп танылды. Десек те, бүгінде бұл шығармалар республикалық

академиялық драма театрының (қазақ) репертуарында әлі күнге дейін қойылып, көрермен назарынан тыс қалмай отыр[11].

1946 жылы КП(б)К Орталық Комитеті қазақ әдебиеті мен жазушыларының шығармалық мазмұны қатты сынға ұшырап жатты. Мәселен, 1946 жылы 27 тамызда КП(б)К Орталық Комитеті «Әдебиет және өнер», «Халық мұғалім», «Қазақстан денсаулық сақтау» журналдарының жағдайы мен олардың жұмысын жақсарту шаралары туралы қаулы қабылдады [12]. Бұл қаулылардың астарында коммунистік партияға адалық мәселесі негізгі орынға қойылды.

Қазақстанда аталған қаулыларды негізге алған саяси науқан 1946 жылы 26 қыркүйекте Алматыда өткен әдебиет пен өнер қайраткерлерінің жиналысынан бастау алды. Жазушылардың шығармашылығы саясаттан тыс, социалистік реализм принциптерінен ауытқығаны үшін сынал-ды. Жоспар бойынша, баяндамалық жазбалар, анықтамалар және КП(б)К ОК-мен хат алмасу және драмалық театрлардың репертуарын жақсарту туралы ойлармен қатар, шығармашылық топтағы жазушылардың еңбектері сынға түсті. Олардың қатарында А. Абишевтің «Жас ұрпақ», К. Аманжоловтың «Нұрман колхозы», Н.Байғаниннің «Қарасай қозы», М.Әуезовтің «Абай жолы», С.Бегалиннің «Архар маринос», Х.Бекхожиннің «Гвардешілер», Д.Еркімбаеваның «Асау» және «Той» еңбектері, М.Хакімжанованың «Маншүк» еңбектері талқыланды.

Сонымен бірге Кеңес өкіметі өз кезінде Қазақстанның мәдени және зияткерлік өмірін қалыптастыру үшін баға жетпес шығармашылық жұмыстар жасағандығын негіздеуге тырысты. Партияның орталық органы «Правда» газеті арқылы Қазақстан тарихы мәселелерін жариялаудағы буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктерді ашу әрекеті осы мәселедегі елеулі жетістік деп бағаланды. Жазушылар ұйымдарының әдебиет пен өнер туындыларындағы ұлтшылдық қателіктерін толық ашуға және жоюға, большевиктік сын мен өзін-өзі сынауды дамытуды қамтамасыз етуде «Правда» газеті үлкен жұмыстар атқарғандығы көрсетілді. Мәселен, 1951 жылғы 2 шілдеде «Правда» газетінде «Әдебиеттегі идеологиялық бұрмалаушылықтарға қарсы» атты редакциялық мақала жарық көрді. Мақала мазмұнында совет қоғамының өмірін жарқын бейнелеу, әдебиеттің идеялық-көркемдік деңгейінің жаңаша көтерілуі, адамдардың бойында жалынды кеңестік патриотизм сезімін оянуы, халықтар достығының сталиндік идеялары мен интернационализм идеяларының басымдылықтарын насихаттауға шақырды. Ал 1952 жылғы 24 маусым айындағы Қазақстан КП(б) ОК қаулысы, № 15 хаттаманың 18-тармағында «Идеялық-саяси қателері бар» кітаптарды алып тастау жөнінде қаулысы қабылданады. Мұнда негізінен белгілі бір тұлғаларға назар аудара отырып, олардың істерінде жерлестік, көршілік жақындық, әріптестер әрекеті немесе жай ғана қызғаныштардың денонсациясымен байланысты «саяси айыптауларды даралау» қажеттігі аталынып өтілді. Яғни, осындай айыптаулар қудалау саясаттың басты ұстанымы болды және оның алып келген салдары қоғам үшін аса көп қиындықтар туғызды [13].

Сонымен бірге Қазақстан театрларының өмірі мен қызметіндегі ең қайшылықты уақыт соғыстан кейінгі кезең болды. Ол бір жағынан бейбіт өмір жағдайында көптеген шығармашылық жоспарларды жүзеге асыруға, драматургтердің материалдық және кәсіби базасын нығайтуға мүмкіндік берді. Десек те олар командалық-әкімшілік аппараттың үлкен идеологиялық ықпалын басынан кешірді. Театрлардың репертуары партия органдарын ерекше назарында болды. Мәселен, 1941 қордың 2 ісінде өнер басқармасының жоспарларында 1946 және 1949 жылдардағы «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» және «Республиканың театр өнерінің жағдайы мен одан әрі дамуының міндеттері туралы» мемлекеттік қаулылары тікелей идеологиялық сипатта болғанын негіздейді. Яғни, театр ұжымдарының жұмысын социалистік қоғамдық жүйенің қабылданған идеалдарының шеңбері ретінде айқындады. Театрлар үгіт-насихат және бұқараға кең жол ашатын құрал ретінде қарастырылды, соның нәтижесінде сол режиссерлердің немесе пьеса авторларының идеялық көзқарастары тұрғысынан театр өнерінің дамуына мүмкіндік берілмеді. Өнер істері жөніндегі бас басқарма құжаттарында, Қазақ КСР театрлар желісінде 24 театр болғанын, оның құрамында 31 шығармашылық ұжым жұмыс жасағаны көрсетіледі. Мысалы:

- 1) Орыс опера ұжымы
- 2) Музыкалық комедиялық ұйымы
- 3) Қазақ опера жұмысы
- 4) Баллет ұжымы
- 5) Қазақ драма ұжымы
- 6) Орыс драма ұжымы
- 7) Корей драма ұжымы
- 8) Ұйғыр музыкалық драма ұйымы

Сонымен бірге, республикалық театр - 3, облыстық -12, колхоз совхоздық театрлар, және де концертті ұйымдар - 9:

- 1) Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филормониясы
- 2) Облыстық филормония
- 3) Топтық концерттік эстрадалық бюросы[14].

Десек те, аталып отырған театр репертуарлары толығымен партиялық бақылауда болып, қойылым идеялары алдын ала сыннан өтіп отырылды.

Сол сияқты Қазақ академиялық драма театрының 1946-1950 жылдардағы пьесалары да қатаң сынға ұшырады. Оларды дәл 30-шы жылдардағыдай сынға алынып, оның репертуарлары тарихи шығармалардан тұрғаны және заманауи тақырыптағы пьесалар мүлдем жоқтығы аталады. «Кейбір ірі шығармашылық жетістіктерге қарамастан, жалпы театрдың дамуы біршама біржақты болды, өйткені репертуарда ерлік-романтикалық мағынада қойылған фольклорлық және тарихи мазмұндағы пьесалар басым орын алды. Олардың кейбіреулерінде әлеуметтік жағы көмескіленіп, жеке спектакльдердің идеялық төмендігіне, тіпті азғындыққа әкеп соқтырды, өйткені олар өткенге сынсыз көзқарас, көне заманды мадақтау ретінде қабылданатын. Бүкілодақтық коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1946 жылғы 26 тамыздағы қаулысын театрдың шығармашылық дамуы бәсеңдеген деп бағаланды, соның нәтижесінде ҚКП Орталық Комитеті қазақ театрының репертуарын қайта қарауды және «оны идеялық жағынан жауыз және көркемдікке жатпайтын пьесалардан тазартуды, шығармашылық қызметкерлерді кеңестік шындықтың жауынгерлік тақырыптарында толыққанды драмалық және сахналық шығармалар жасауды» [15] талап еткенін байқауға болады.

Театр бұқаралық мәдени ағарту және идеологиялық жұмыста маңызды міндет атқарған қала тұрғындарының күнделікті өмірінде белгілі орын алды. Соған орай 1945 жылы театр сахнасында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Абай» пьесасының мерейтойлық қойылымы қойылды. Б.Майлиннің «Майдан», С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқар-лар», І. Жансүгіровтің «Кек», Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері Ақтоқты» спектакльдері қойылды. Ә.Хангелдиннің «Дударай», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», Ә.Тәжібаевтың «Гүлден дала» еңбектері берілді. Маңызды оқиға ретінде қазақ фольклорлық шығармаларының тақырыптары бойынша Ғ.Мүсіреповтың «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», сондай-ақ «Қара-Қыпшақ-Қобланды» халықтық қаһармандық пьесасы, т.б. ұсынылды.

Десек те, барлық қойылымдар партиялық сыннан өтіп, жағымсыз бейнелерге айыптаулар ілінді. Мәселен, 1949 жылдың қыркүйегінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Өнер департаментінің репертуар таңдаудағы және жазалау шараларындағы жергілікті жерде қабылдан-байтын «бостандықтары» туралы үрейге толы бұйрығы шықты. «Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының өрескел саяси қателіктері туралы» КП(б)К Орталық Комитеті өз қаулысында Қарамен би турасындағы мақалаларды жариялауда оның көркем бейнесін айыптады [16].

